

**"Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы" акционерлік қоғамына
жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша
АНЫҚТАМА**

Қызылорда қаласы

22 ақпан 2024 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып "Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы" акционерлік қоғамының (әрі қарай – «ҚЭТТК» АҚ) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «ҚЭТТК» АҚ-ның Комплаенс офицері Б.Кушимбаев.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023 жыл кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 12-22.02.2024ж. аралығында жүргізілді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) «ҚЭТТК» АҚ-ның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (әрі қарай - НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «ҚЭТТК» АҚ-ның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

II. «ҚЭТТК» АҚ-ның қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау комплаенс офицер кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

«ҚЭТТК» АҚ-ның қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесстік кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;
- Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы;

- Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N451 Заңы;
- Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі Заңы;
- Волонтерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы;
- Қоғамдық бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы;
- Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңы;
- Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конституциялық Заңы;
- Телерадио хабарларын тарату туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы;
- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңы;
- «Қазақстан Республикасының Біріңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 26 қыркүйекте 9756 тіркелді;
- «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда №10007 тіркелді.
- «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 ақпанда №10176 тіркелді.
- Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №75 бұйрығы негізінде «Қызылорда облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылдың 24 наурыздағы

№514 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінен 2022 жылдың 31 наурызында №27331 нөмірімен тіркелді;

- «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облыстық әкімдігінің 2022 жылғы 03 ақпан №20 қаулысы.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрам бойынша: 2023 жылдың желтоқсан айында «ҚЭТТК» АҚ құрылымында штат саны бойынша – 1044 қызметкерді құрап, оның ішінде 23 қызметкер бала күтіміне байланысты ақысыз демалыста болғанын ескерсек, нақты 1021 қызметкер жұмыс атқарды. 2023 жыл бойынша 178 қызметкер жұмысқа қабылданып, 164 қызметкермен еңбек шарты тоқтатылды.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Тәртіптік шаралар бойынша «ҚЭТТК» АҚ-да 2023 жылы 80 қызметкерге тәртіптік шара қолданылды.

Қазіргі таңда, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, «ҚЭТТК» АҚ қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2023 жылы «ҚЭТТК» АҚ-да сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

«ҚЭТТК» АҚ-да бос орын пайда болған кезде, Enbek.kz сайтына жарияланып, жұмыссыздық ретінде тіркелген үміткерлер, мамандығы бойынша, Кадр бөліміне келіп, арнайы тағайындалған жұмысқа қабылдау комиссия отырысына шақырылады. Болған жағдайда бірнеше үміткерлер шақырылады. Жұмысқа қабылдау комиссиясының шешіміне сәйкес, үміткер жұмысқа қабылданады.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

2023 жылы «ҚЭТТК» АҚ-да ешқандай қызметшілерге сыйақылар берілмеген.

Алайда, «ҚЭТТК» АҚ қызметкерлерін атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес, мемлекеттік мерекелерде марапаттауға ұсыныстар жолданып, алғыс хаттармен марапталған.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

«ҚЭТТК» АҚ-да 2023 жылы мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

«ҚЭТТК» АҚ-мен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары іске асыру.

«ҚЭТТК» АҚ-да 2023 жылы жоспарланған күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Оның ішінде 218 млн.теңгеге 740 шақырым электр желілері аумағында және 55 дана қосалқы станциясына күрделі жөндеу

жұмыстарын және 38 млн.теңгеге 355 шақырым электр желілері аумағында және 44 дана қосалқы станциясына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар, «ҚЭТТК» АҚ тарифінде қарастырылған өз қаражаты есебінен инвестициялық бағдарлама бойынша 371 млн. теңгеге келесі жұмыстар атқарылған:

- 193 млн. теңгеге 27 шақырым 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары бойынша қазіргі таңда темір бетон бағаналарын орнату жұмыстары жалғасуда және әуе желісінің СИП сымын мемлекеттік сатып алу процедуралары бойынша ұтып алған жеткізуші мекеме өз талаптарын уақытылы орындамауына байланысты, 2024 жылға ауыстырылып, қайта сатып алуға өтінім берілген;
- 96 млн. теңгеге 10 кВ ЦРП-9 орталық тарату пунктін қайта құру жұмыстары мемлекеттік сатып алу процедуралары бойыншада ұтып алған жеткізуші мекеме өз талаптарын уақытылы орындамауына байланысты, 2024 жылға ауыстырылып, қайта сатып алуға өтінім берілген;
- 1345 дана электр энергиясын есепке алу аспаптарын АСКУЭ-ге қосу жұмыстары бойынша барлық қажетті материалдар сатып алынып, жұмыстары толығымен аяқталды. Алайда 16 дана электр есептегіш құралы дұрыс жұмыс жасамауда. Осыған сәйкес Орталық АЭТ бастығына және СМУиБЭ бастығына есептегіш құралдарының ақауын тауып жұмысқа қосуға тапсырма берілген.
- 1 дана УАЗ автокөлігі сатып алынған.

Сонымен қатар, Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен «Қызылорда қаласында электр желілерін дамыту, қайта құру және жаңғырту» қаржылық-экономикалық негіздеме бағдарламасы аясында 3,1 млрд.теңгеге жоба жасалып, жоба екі кезеңге бөлініп, облыстық бюджеттен бірінші кезең жұмыстарына 1,6 млрд.теңге қаражат бөлініп келесі жұмыстар атқарылған:

- 35 дана 10/0,4кВ қосалқы станцияларын КТПБ типті трансформаторлы қондырғысына ауыстыру;
- 27 дана 10/0,4кВ кірпіштен қаланған қосалқы станцияларының ғимараттарының күрделі жөндеу жұмыстары;
- 31,6 шақырым 10/0,4кВ кабель желілерін ауыстыру;
- 16 дана жөндеу бригадаларына арналған автокөліктер сатып алынды.

Қаржылық экономикалық негіздеме аясында компаниямызға бөлінген қаражат тек материалдар сатып алуға беріледі, өзгеде басқа қызметтерге қарастырылмаған. Жұмыс көлемінің көп болуына байланысты барлық аудандардан қосымша бригадалар шақырып, жоспарланбаған шығындар болған.

2023 жылы атқарылған ФЭО 1,6 млрд. теңге бағдарламасы бойынша материалдарды сатып алудан 103 млн. теңге қаражат үнемделіп екінші кезеңге қарастырылған 1,5 млрд. теңге қаражатқа қосып келесі жұмыстар жоспарланған. Атап айтқанда:

- 22 дана 10/0,4кВ қосалқы станцияларын КТПБ типті қосалқы станциясына ауыстыру;
- 24 дана 10/0,4кВ кірпіштен қаланған қосалқы станцияларын жөндеу жұмыстары;
- 23,7 шақырым 10/0,4кВ электр желілерін қайта құру;
- 53 дана 10/0,4кВ электр қондырғыларын және күштік трансформаторларын ауыстыру;
- 4 дана автокөлік сатып алу.

Ұсыныс: Жоғарыда атап өткендей 2023 жылы жұмыс жоспары дұрыс жоспарланбағаннан, құрылыс-монтаж жұмыстары жылдың аяғына дейін созылып, көптеген жоспарланбаған шығындарға әкелген. Осыған орай, ҚЭТБ директоры және Орталықпен Қызылжарма АЭТ бастықтары жоғарыда атаған 2024 жылға жоспарланған қайта жаңғырту жұмыстарының көлеміне сәйкес, Жоспарын жасап бекіту қажет. Атап айтқанда қай уақытқа және қандай жұмысқа қанша жұмысшы мен арнайы техникалар қажеттігін есептеп, іссапармен қалаға шақырылатын қызметкерлерге жұмыс көлемін бекітіп, келетін бригадалардың АЭТ басшысымен бекіту қажет.

VII. Электр энергиясын сату және есепке алу.

2023 жылдың желтоқсан айындағы электр энергиясының көрсеткіштерін түсіру көрсетілген. «ҚЭТТК» АҚ бойынша аймақтардың жалпы түсірілімі **96,2%** құрады, бұл 24.08.2023 ж. №91 хаттама бойынша жоспарланған **97%** - дан сәл төмен.

Егер АЭТ бөлінісінде қарайтын болсақ, Тасбөгет АЭТ түсірудің ең нашар көрсеткіші – 94,1%, УГЭС – тың қабатты учаскесі – 94,4%, УГЭС-тың Орталық АЭТ -94,5% және Жаңақорған АЭТ-95,2%. Жақсы көрсеткіштерді Төретам АЭТ, Жалағаш АЭТ, Қызылжарма АЭТ УГЭС және Тереңөзек АЭТ көрсетті. Ал қалған АЭТ жоспарланған көрсеткіштің 97% ала алмаған.

Ұсыныс: «ҚЭТТК» АҚ ның кірісі болғандықтан, есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді алу бойынша жұмысты күшейту қажет! (Облыс бойынша электр энергиясын беру көлемі есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алуға байланысты).

Сонымен қатар, 2023 жылғы желтоқсан айындағы есепке алу аспаптарын аттестациялауды, ауыстыруды және шығаруды орындау жоспар бойынша «ҚЭТТК» АҚ -ның АЭТ үшін **-4,0%**, Төретам АЭТ үшін – **2,0%** құрайды. «ҚЭТТК» АҚ бойынша – 3,9% орындалды. Бұл жұмыстарды Жалағаш АЭТ жақсы жүргізген-8,3%. Жаңақорған АЭТ ең төменгі көрсеткіштері – 2,1% және УГЭС орталық АЭТ – 2,6%. Жоспарланған 4% Арал, Қазалы, Шиелі және Тасбөгет АЭТ ала алмаған. Қалған АЭТ жоспарлы тапсырмаларды орындады.

2023 жылғы желтоқсан айындағы АЭТ бөлінісіндегі жұмыс көрсеткіштері: желіге кіру 124 256 004 кВт*сағатты құраған, пайдалы кіру 102 876 782

кВт*сағатты құраған. Нормативтен тыс шығындар 2 063 829 кВт / сағ немесе + 1,66% құраған.

Желтоқсан айында барлық АЭТ-тер нашар нәтиже көрсеткен. Тек Қызылжарма АЭТ УГЭС-тен – 49 297 кВт*сағат немесе - 0,32%, Тереңөзек АЭТ – 51 617 кВт*сағат немесе-1,59% және Торетам АЭТ -54 664 кВт*сағат немесе-2,58%.

Ұсыныс: Шығындарды азайту бағыттағы жұмысты күшейту қажет.

Сондай-ақ, 2023 жылғы 12 айдағы АЭТ бөлінісіндегі жұмыс көрсеткіштері: 12 айда желіге кіру сағатына 1 269 117 040 кВт құраған, пайдалы кіру сағатына 1 090 293 955 кВт құраған. Бұл ретте нормативтен тыс шығындар -16 576 356 кВт*сағ немесе -1,31% құраған.

Бұл ретте компания үшін үнемдеу – 299 634 211 тенге құраған.

12 айдың қорытындысы бойынша тек Тасбөгет АЭТ УГЭС + 671 837 кВт*сағ немесе + 0,57% және Қармақшы АЭТ + 268 559 кВт*сағ немесе + 0,65% нашар көрсеткіштермен шыққан.

Ұсыныс: 2024 жылдың басынан бастап электр энергиясының шығынын азайту бойынша жұмыстардың нәтижелерін жақсарту қажет.

2022 және 2023 жылдардағы желідегі кіру мен пайдалы кіру салыстырмалы түрде қарасақ, желіге кіру 2023 жылы 60 978 496 кВт*сағатқа, ал пайдалы кіру 61 463 523 кВт*сағатқа өскен. Нормативтен тыс шығындар 2022 жылы – 0,65%, ал 2023 жылы – 1,31% құраған. Бұл ретте 2022 жылы Қармақшы АЭТ + 1,34% - дан, 2023 жылы + 0,65% - дейін және 2022 жылы Тасбөгет РЭҚ + 2,21% - дан, 2023 жылы +0,57% - дейін шыққаны байқалған.

2023 жылы "КРЭК" АҚ шаруа қожалықтарына электр энергиясының нақты шығыны: 12 ай ішінде барлық АЭТ шаруашылық қажеттіліктерге жоспарлы тұтынуға сәйкес келмеді. Бұл келесі АЭТ-тер: Орталық АЭТ – 79 682 кВт*сағат, Жаңақорған АЭТ на - 55 266 кВт*сағат және Тереңөзек АЭТ на -43 769 кВт*сағат көп пайдаланып қойған.

"КРЭК" АҚ бойынша небәрі 12 айда – -44 882 кВт*сағ жоспарға қатысты шаруашылық қажеттіліктерге аз жұмсалған. Бұл ретте ақшалай мәнде үнемдеу – 811 467 теңгені құраған.

2023 жылы желтоқсан айындағы ӘЖ-35 кВ желілері бойынша электр энергиясының есептік ысыраптарының жиынтығы: ӘЖ-35кВ нормативтік шығындары кезінде- 4%. Желтоқсан айында шығындар бойынша нормативке тек Жаңақорған және Торетам АЭТ-тер ғана енгізілген. Қалған АЭТ-тер нормативтік шығындарға төтеп бере алмаған. Желтоқсан айында қоғам бойынша барлығы 35кВ – 3 064 223 кВт*сағ немесе 3,76% желілерде жоғалтқан.

2023 жылы желтоқсан айындағы ӘЖ-110 кВ желілері бойынша электр энергиясының есептік ысыраптарының жиынтығы бойынша: ӘЖ-де нормативтік шығындар кезінде-110кВ- 2%, желтоқсан айында 110кВ желілері бойынша

шығындар нормативтік шығындардан асып, - 473 560 кВт*сағ немесе 2,40% құраған. Мұнда ӘЖ-35 және ӘЖ-110кВ бойынша таза техникалық шығындар бар.

2023 жылы ӘЖ-35 кВ желілері бойынша электр энергиясының есептік ысыраптарының жиынтығы: ӘЖ желілері бойынша нормативтік шығындар кезінде-35кВ-4%.

2023 жылы ӘЖ-110 кВ желілері бойынша электр энергиясының есептік ысыраптарының жиынтығы бойынша: ӘЖ-де нормативтік шығындар кезінде-110кВ-2%, 12 ай ішінде 110кВ желілері бойынша шығындар нормативтік шығындардан асып түсті. Бұл ретте 110кВ желілері бойынша шығындар – 3 921 505 кВт*сағ немесе 2,03% құраған. Негізгі шығындар ӘЖ-110кВ Л-106, Л-108, Л-109 учаскесінде болған, онда - 2 369 580 кВт*сағ немесе 2,08%, сондай-ақ ӘЖ-110кВ Л-105 – 1 644 952 кВт * сағат немесе 2,02%.

Ұсыныс: АЭТ бастықтары желілерді жаңғырту, реконструкциялау жөнінде шаралар қабылдауы, әуе желілері мен күштік трансформаторлар желілерін Күрделі және ағымдағы жөндеу үшін электр қондырғысын нүктелік таңдау жөнінде іс-шаралар жүргізуі қажет.

Сондай-ақ, 2023 жылы бөлімшелер бөлінісінде ППЭЭ бұзушылықтар актілері бойынша жиынтық есеп. 14 444 340 кВт / сағ жинау жоспарында қоғам бойынша 6 968 855 кВт / сағ жиналған. Бұл ретте өз жоспарын Арал, Қазалы және Орталық АЭТ орындаған.

Ұсыныс: Осы бағытта барлық АЭТ-тер жұмысын күшейту қажет.

2023 жылы ЭСО тізімдері мен өтінімдері бойынша дебиторлық берешек үшін ажырату бойынша: барлық АЭТ қоғам бойынша өтінімдердің 90% орындалды. Бұл ретте өтінімдер бойынша келсек, АЭТ 100% орындаған: Қазалы, Торетам және Тасбөгет АЭТ-тер. Өтінімдердің ең көп саны Жаңақорған, Жалағаш және Қармақшы АЭТ болған.

2023 жылы техникалық қызмет көрсету шарттары бойынша: 2023 жылға арналған жоспар бойынша - 216 140 000 теңге шарт жасасу кезінде, нақты – 198 442 141 теңге немесе жоспардан - 92% жасалған. 04.01.2024 жылға түсім – 173 685 048 теңгені немесе жоспардың 88% құраған. Шарттарға қол қою бойынша төмен көрсеткіштер Қазалы АЭТ – 67%, Қармақшы АЭТ – 76%. Қалған АЭТ 80% .

Ұсыныс: 2024 жылдың 1 тоқсанына дейін барлық тұтынушылар өздерінің келісімшарттық міндеттемелерін орындап, 2023 жылды жабуы қажет.

VIII. «ҚЭТТК» АҚ-ның 2023 жылы тарифтік сметасының орындалуы

2023 жылы «ҚЭТТК» АҚ-ның негізгі қызметтен түскен табыс 5 845 млн. теңгені, шығыс 7 780 млн. теңгені құрап, шығын 1 935 млн. теңгені құраған.

Негізгі қызмет бойынша шығынға тарифтік сметада көзделмеген қосымша шығыстар пайда болған:

- «еңбекке ақы төлеу шығындары» - тариф бекітілгенге дейін 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап жалақының орташа есеппен 40% -ға, оның ішінде өндірістік

персоналға 50% - ға арттыруына байланысты (тариф 2023 жылғы 25 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген). 2023 жылы бір қызметкердің нақты орташа айлық жалақысы 180 576 теңгені құрап, қаралған 166 203 теңгеден 14 373 теңгеге немесе 9% - ға өскен. Осылайша, компания еңбекақы төлеу қоры бойынша 188 млн. теңге мөлшерінде шығынға ұшыраған;

- нақты «амортизация» 440 млн. теңге;

- «материалдық шығындар» - 20 млн. теңге. Тұрақты электрмен жабдықтау және авариялық жағдайларды болдырмау мақсатында «ҚЭТТК» АҚ тарифтік сметада көзделмеген авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 27 млн. теңгеге пайдалану материалдарын және шаруашылық қажеттіліктер үшін электр энергиясын ұлғайтылған бағамен 1 млн. теңгеге сатып алуға мәжбүр болған;

- «салықтар» - энергетикалық нысандарды облыстық «ЭЖТҮКШБ» МКК-ның теңгерімінен берілген және басқа да негізгі құралдардың басқа түсімдері есебінен мүлік салығының 35 млн. теңгеге ұлғаюы;

- «іс-сапар шығындары» - Қызылорда қаласында инвестициялық бағдарлама және қаржы-экономикалық негіздемесі аясында қаралған жұмыстардың үлкен көлеміне байланысты аудандық электр тораптары қызметкерлерін қалаға іссапарға жіберу қажеттілігі туындады, бұл ретте артық шығын 13 млн. теңгені құраған;

- пайыздық мөлшерлеменің 12%-дан 26,98%-ға дейін көтерілуіне байланысты «Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төлеу шығындары» 215 млн. теңгеге ұлғайған;

- «нормативтік шығындарды сатып алуға арналған шығыстар» - 457 млн. теңге

- «тарифтік сметада ескерілмейтін шығыстар» - ұжымдық шартқа сәйкес әкімшілік шығыстар, бюджетке айыппұлдар, өсімпұлдар және т.б. 54 млн. теңгені құраған.

Сонымен қатар, шығынның пайда болуына:

- қарызға қызмет көрсету резерв шотының (РСОД) сомасын алып тастау есебінен табысты 288 млн. теңгеге төмендетуі;

- 2023 жылы 25 мамырдан бастап өзгертілген тарифтің енгізілуіне байланысты өтеусіз 225 млн. теңге көлемінде қалыптасқан қосымша шығындар алынбаған табыс әсер етті.

Ұсыныс: Шығындарды азайту және «ҚЭТТК» АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін жақсарту мақсатында:

- нақты нормативтік-техникалық шығындар тарифтік сметада бекітілген 162 мың кВт*сағаттан аспауы тиіс, осыған байланысты нормативтік-техникалық шығындарды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізу;

- пайдаланған электр энергиясы көрсеткіштерін алу көлемін 100%-ға дейін ұлғайту;

- пайдалану және авариялық шығыстарды азайту мақсатында жөндеу жұмыстары мен инвестициялық жобаларды іске асыруға бірінші кезектегі нысандарды айқындау үшін компанияның электр қондырғыларының техникалық жай күйіне талдау жүргізу;

- өндірістік-техникалық қызметіне іссапар шығындарын азайту мақсатында іссапар кезеңін анықтау үшін персоналды іссапарға жібермес бұрын орындалатын

жұмыстың физикалық көлемін анықтап, орындалатын жұмыстың уақыт нормаларын есептеу;

- экономика және тарифтер бөліміне - тарифтік сметаның баптары бойынша артық шығыстарға жол бермеу немесе игермеу мақсатында көзделген сомадан аспайтын немесе 5%-ға төмендете отырып, материалдар шығысының нормаларына сәйкес тарифтік сметаның орындалуына ай сайынғы талдау және бақылау жүргізу, тарифтік смета бойынша шығындарды реттеу;

- барлық құрылымдық бөлімше басшыларына – бекітілген тарифтік сметада көрсетілген шығындардан артық шығындарға жол бермей, басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде үнемдеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

- ӨТҚ, ЛжМСБ, сондай-ақ тарифтік сметаның тиісті баптарына жетекшілік ететін бөлімшелердің басшылары материалдар мен жабдықтарды сатып алуға өтінімдерді қалыптастыру кезінде компанияның қойма қорын ескеру;

- барлық құрылымдық бөлімшелер ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін бастапқы құжаттарды, орындалған жұмыстар актілерін, материалдар мен негізгі құралдарды есептен шығару актілерін, іссапар шығыстары бойынша құжаттар ұсыну;

- ЛжМСБ жұмыстарды орындау, тауарлар мен қызметтерді уақытылы сатып алу үшін жеткізушілермен уақытылы шарт жасасу, айыппұл санкцияларын алдын алу үшін шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау және жеткізушілермен қағаз шарттар жасауды болдырмау қажет. Материалдарды жеткізу бойынша алыс-беріс электрондық актілерін және орындалған жұмыстар актілерін бухгалтерлік есепке алу бөліміне уақтылы ұсыну;

IX. 2023 жылы орын алған технологиялық бұзушылықтар туралы .

2023 жылы облыс аумағы көлемінде 1 175- технологиялық бұзушылық орын алып, жалпы электр энергиясының жетіспеушілігі 562 494 кВт*сағ. құраған.

Технологиялық бұзушылықтар бойынша:

- 110 кВ әуе желілерінде 19-рет, 35 кВ әуе желісінде 171-рет ағыту орын алған,

- 35 кВ ажыратқыштан 35-рет, 10 кВ Вводтан 42-рет, 10 кВ кабель желісінен 148 рет, 10 кВ әуе желісі және 10/0,4 кВ ҚС-нан 608-рет, тұтынушылардың қондырғыларының 151-рет ағытылған.

2023 жылы технологиялық бұзушылықтар ең көп Қалалық электр тораптары басқармасында, яғни Орталық, Қызылжарма, Тасбөгет АЭТ-нда орын алған.

Ал жылдың аяғында, яғни желтоқсан айында Жалағаш және Жаңақорған АЭТ-нда технологиялық бұзушылық көп орын алған.

Облыс аумағы көлеміндегі 1175- технологиялық бұзушылықтардың жиі ажыратылатын фидерлерден – 305 технологиялық бұзушылық, жалпы электр энергиясының жетіспеушілігі 562 494 кВт*сағ құраса, жиі ажыратылатын фидерлерден 191 970кВт*сағ құраған.

Ұсыныс: Технологиялық бұзушылықтарды талдау нәтижелері бойынша ҚЭТБ директорына және Орталық, Қызылжарма, Тасбөгет АЭТ бастықтары

сенімді жұмысты (*надежная работа*) қамтамасыз етуге бағытталған жиі ажыратылған фидерлерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу үшін, іс-шаралар (*план мероприятий*) жоспарын жасап, Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженермен бекітілсін.

Х. «ҚЭТТК» АҚ –на сыбайлас жемқорлыққа қатысты түскен арыз-шағымдар

2023 жылы «ҚЭТТК» АҚ-на және мекемеге тиесілі «Facebook» және «Instagram» желілеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзудың бар болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы арыз-шағымдар түспеген.

Ұсыныс: Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы М.Усаинның төрағалығымен өткен 29 қаңтар 2024 жылғы жиналыстың хаттамасының орындалуын жүзеге асыру.

Комплаенс- офицер



Б.Кушимбаев